

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы №36 хаттама

Қостанай қ.

02 мамыр 2023 жыл

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Қостанай облыстық фтизиопульмонология орталығы" КМК баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мынадай тауарларды сатып алуды өткізді:

| № | Атауы | Өлш.бірл | Саны | Жалпы сом-сы |
|----------------|--|----------|------|---------------|
| 1 | МЕДИС Индикаторы-120/45. МЕМСТ ISO 11140-1-2011 жіктемесі бойынша 4 сыныпқа (көп ауысымды индикаторлар) жатады; бу стерилдеу режимі (температура, 0С/уақыт, мин / Бу қысымы, Мпа) 120+2/45+3/0,11+0,02. Бақылау мәндері (температура, 0С/уақыт, мин) 120/45. Қаптамада 1000 дана. | уп | 7 | 32718 |
| 2 | МЕДИС Индикаторы-132/20. МЕМСТ ISO 11140-1-2011 жіктемесі бойынша 4 сыныпқа (көп ауысымды индикаторлар) жатады; бу стерилдеу режимі (температура, 0С/уақыт, мин / Бу қысымы, Мпа) 132+2/20+3/0,20+0,02. Бақылау мәндері (температура, 0С/уақыт, мин) 132/20. Қаптамада 1000 дана. | уп | 11 | 51414 |
| 3 | Азопирам. Медициналық мақсаттағы бұйымдарды зарарсыздандыру алдындағы тазалау сапасын бақылауға арналған реагенттер жиынтығы. Жинақтың құрамы: 1.Амидопирин 10г; 2. Анилин тұз қышқылы 0,3 г; 3.Тұрақтандырғыш 10 мл. қосымша реактив: 3% (дәріхана) сутегі асқын тотығы. 1 пакет-1000 анықтама. | уп | 7 | 33915 |
| Барлығы | | | | 118047 |

1. Сатып алуға қатысу үшін келесі өтінімдер ұсынылды:

| № | Өнім берушінің атауы, мекен-жайы | БСН (ЖСН) | Өтінімді беру күні мен уақыты |
|---|--|--------------|-------------------------------|
| 1 | "Трансмедсервис" ЖШС, Қостанай қ., им.Баймағамбетова, 191 | 011140005068 | 21.04.2023ж 09 сағат 22 минут |
| 2 | "ДиАКиТ" ЖШС, Қарағанды қаласы, А. Бөкейхан ауданы, ш / а.19, 40 "а"үй | 160640027450 | 21.04.2023ж 11 сағат 57 минут |
| 3 | "Норд Реактив" ЖШС, Қостанай қ., им.Хашека 6/1-28 | 080140016569 | 25.04.2023ж 09 сағат 21 минут |

| № | Атауы | Соммасы | Әлеуетті өнім берушілердің лоттар бойынша бағасы | | |
|---|-------------------------|---------|--|--------------|--------------------|
| | | | «Трансмедсервис» ЖШС | «ДиАКиТ» ЖШС | «Норд Реактив» ЖШС |
| 1 | Индикатор МедИС-120/45. | 32718 | 21700 | - | 24108 |
| 2 | Индикатор МедИС-132/20. | 51414 | 34100 | - | 37884 |
| 3 | Азопирам. | 33915 | - | 33915 | 24990 |

2. Баға ұсыныстары бар конверттерді ашу рәсіміне қатысқан әлеуетті өнім берушілердің атауы.

| № | Өнім берушінің атауы, мекен-жайы | Аты-жөні |
|---|----------------------------------|----------|
|---|----------------------------------|----------|

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 маусымдағы № 375 қаулысының 139 - тармағы негізінде БСН: 011140005068 "Трансмедсервис" ЖШС, Қостанай қ., им.Баймағамбетова, 191 үй келесі позициялар бойынша жеңімпаз болып белгіленсін:

| № | Атауы | Өлшем бірлігі | Саны | Жалпы соммасы |
|---|---|---------------|------|---------------|
| 1 | МЕДИС Индикаторы-120/45. МЕМСТ ISO 11140-1-2011 жіктемесі бойынша 4 сыныпқа (көп ауысымды индикаторлар) жатады; бу стерилдеу режимі (температура, 0С/уақыт, мин / Бу қысымы, Мпа) 120+2/45+3/0,11+0,02. Бақылау мәндері (температура, 0С/уақыт, мин) 120/45. Қаптамада 1000 дана. | уп | 7 | 21700 |
| 2 | МЕДИС Индикаторы-132/20. МЕМСТ ISO 11140-1-2011 жіктемесі бойынша 4 сыныпқа (көп ауысымды индикаторлар) жатады; бу стерилдеу режимі (температура, 0С/уақыт, мин / Бу қысымы, Мпа) 132+2/20+3/0,20+0,02. Бақылау мәндері (температура, 0С/уақыт, мин) 132/20. Қаптамада 1000 дана. | уп | 11 | 34100 |

- 4.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 маусымдағы № 375 қаулысының 5 бөлім 14 - тармағы негізінде БСН: 160640027450 "ДиАКиТ" ЖШС, Қарағанды қаласы, А. Бөкейхан ауданы, ш / а.19, 40 "а" үй келесі позициялар бойынша жеңімпаз болып белгіленсін:

| № | Атауы | Өлшем бірлігі | Саны | Жалпы соммасы |
|---|--|---------------|------|---------------|
| 3 | Диазофенам. Қосымша реактив: сутегі асқын тотығы 100 мл 3%. "ДиАКиТ" ЖШС, ҚР | уп | 7 | 33 915 |

Сатып алуды ұйымдастырушы "Қостанай облыстық фтизиопульмонология орталығы" КМК Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілген сатып алу қорытындылары туралы ақпаратты Тапсырыс берушінің интернет-ресурсына орналастырсын.

Жеңімпаз жеңімпаз деп танылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын мынадай құжаттарды

Тапсырыс берушіге немесе сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынады:

1) Фармацевтикалық қызметке және (немесе) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған тиісті лицензияның, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңға сәйкес алынған (жіберілген) медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның, олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын электрондық құжат түріндегі көшірмелері қоса беріледі. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуетті өнім беруші "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңға сәйкес алынған фармацевтикалық қызметке және (немесе) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған тиісті лицензияның, медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады.;

2) заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың көшірмесі (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға үшін);

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмесі (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға үшін);

4) заңды тұлға жарғысының көшірмесі (егер жарғыда құрылтайшылардың, қатысушылардың немесе акционерлердің құрамы көрсетілмесе, онда акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме немесе құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді көшірме немесе сатып алу жарияланған күннен кейін құрылтай шартының көшірмесі ұсынылады);;

5) есебі Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін, "электрондық үкімет" веб-порталы немесе "салық төлеушінің кабинеті" веб-қосымшасы арқылы алынған берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер;

6) осы әлеуетті өнім берушінің Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтындығы туралы Қазақстан Республикасы салық органының анықтамасының түпнұсқасы (егер әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмесе).

Фармацевтикалық қызметтерді сатып алу кезінде әлеуетті өнім беруші бірлесіп Орындаушыға осы тармақта көзделген құжаттарды ұсынады.

Жеңімпаз біліктілік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, баға ұсыныстары тәсілімен сатып алу отпеді деп танылады.

Бас дәрігер м.а.



Молдатаева Ж.Ж.